

## БӨЛІМ: ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАР

## Тәрбие ұстанымдары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.10.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/83242/>

Тәрбие ұстанымдары.

— Атам заманнан бері тіршілік жасай білу деп аталатын өмір даналығын ұрпақ санасына орнықтырудың тиімді жолдары іздестіріліп келеді. Ұрпақ тәрбиесін адамгершілік ұстанымдар негізінде құру қажеттілігін — сонау көне дәуір ғұламалары айтып кеткен.. Тәрбие саласында соңғы мыңжылдықта елеулі өзгеріс болмағандығы айқын. Ежелгі дүние ғұламаларының бірі – Платон өз тұсында тәрбие туралы ойларының өзінен бұрын да айтылғанына орай, «бұның бәрі бұрында айтылған» деп отырады екен. Сол айтылғандай қазіргі тәрбие теориялары мен зерттеулердің арғы тегі мен түп тамыры ежелден қалыптасқан, адамзаттың ұрпақ тәрбиесінен жинақталған ақыл-ойлар жетістігі деп қарастырылады.

Адамның адам үшін, өзге адамдар игілігі, тағдыры, өмірі үшін жауапкер болу керек дейтін қағида бар. Бұл өмірде тек мейірбандылық қана емес, зұлымдық та жеткілікті. Жазық жерде бұтаға бұғатын жасқаншақ болма, шешімді бол, өзіңе-өзің тәрбиеші бол, басыбайлық пен бағыныштылық фәлсапаға бас имейтін бол дейтін азаматтық ұстаным бар. Осы тектес өсиеттер мен пайымдаулар, жазылып жатырған тәрбиелік өнегелер балаларға ұйқы алды ертегі айту сияқты болмауы керек. Ертегі оқиғалары қым-қиғаш басталып, мұратқа жетумен аяқталатын еді. Бүгінгі кісілік болмысқа тән мінез-құлықтан ауытқып, адамдық қалыптың сыртынан көрінетін жайлар қомақтырақ көрінетін болып жүр. Шиллердің «адамдардың ақымақтығына тоқтам салу құдайдың да қолынан келмеуде» дегеніндей, ғылым мен білім шың басына шыққан ғасырда адамзат қолы жеткен ақыл-ой, материалдық жетістіктер «сауатты жабайылық» деңгейіне көтерілу себептері мен салдарына адамзат алаңдаулы.

— Қазіргі заманғы педагогика бұл мәселеге ерекше мән беруде. ХХ ғасыр ортасында «Адамгершілік тәрбиесінің халықаралық ассоциациясы орталығы» құрылуы бұған дәлел. Балалар бойында адамгершілік пен әділеттілік қағидаларын сіңіру тәжірибесімен шұғылдану үшін 70-80-ші жылдары Американың Бостон қаласындағы бір мектепте арнайы жобамен жұмыс жасаған Кластерлік мектебі ашылған болатын.. Бұл тәжірибелік жұмысқа жетекшілік жасаған Гарвард университеті профессоры, психолог-ғалым

Лоуренс Кольберг болатын.. Мектеп өмірін демократиялық ұстанымдар мен әділеттілік тану негізінде қалыптастыру идеясын алғаш көтерген осы Кластерлік мектеп жобасына байланысты басқа елдерде де зерттеулер жүргізілді.. Бұл жоба кезінде тек Америка мектептерінде ғана емес, Европа мен Азияның өркениетті елдерінде де педагогиканың жаңа формасы деп танылған еді.

Адамгершілік ұстанымдарына сай әділеттілік орнатудың адамдар тапқан жалғыз жолы - демократия. Мектепті демократияландыру - саясаттандыруды емес , адамзат жасаған моральдық-демократиялық құндылықтарға сәйкестелген тәрбие формасы.. Шығыс даналығындағы « бұрыннан белгілі жолдар әрқашан нәтижелі бола бермейді. Тәрбие ісінде жаңа жолдарды іздеудің өзі жетістіктерге бастайды», — деген ұлағаттылық ой осыған жетектейді.

— 80 — 90 -шы жылдары советтік педагогикада « Ынтымақтастық педагогикасы» атауымен Кластерлік мектептің « Әділеттілік бірлестігі» жобасы насихаттала бастады. 90-шы жылдарда ауданымыздағы № 1 мектепте осы тәжірибелерге негізделген мектепшілік тәрбие жүйесі жасалып, «Класаралық бірлестіктер» атымен Республикалық дәрежедегі тәрбие жұмыстары байқауына қатынасып, қолдау тапқан болатын. Бұл жобаның мақсаты - мектепшілік демократия мен әділеттілік ұстанымын кең мағынада оқушы іс-әрекеттерінің бәрі де өз еркімен атқарылатын тәрбие жүйесі деңгейіне жеткізу еді. Басты идеясы - мектеп қызметінің барлық саласында оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының өкілеттілігін ендіру, жоғарғы класс оқушыларының субъект ретінде педагогикалық функция атқаруы, мұғалімдер мен оқушылардың өзара сенім мен сыйлы қатынасқа негізделген ынтымақтастығы, тәрбие қызметін саралау, педагогикалық-психологиялық қолдау орталықтарын құру, іскерлік қатынас және іс-әрекет арқылы тәрбиелеу концепциясына сәйкестелген тәрбие жүйесін жасау болатын. Ол жүйе туралы материалдар өз алдына бөлек тақырып.

Сәкен Бозаев Атырау облысы , Құлсары қаласы.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.